

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК және «3DPrint Alliance» ЖШС арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы
меморандум**

«3DPrint Alliance» ЖШС, қаржы директоры Алданазаров Ельнур Дербисович тұлғасында, бірінші тараптан, және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, директордың м.а. Шер Раиса Петровна тұлғасында, екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп аталып, аталмыш өзара ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

Бұдан әрі біріккен аталмыш «Тараптар» «3D-баспа» жаңа білім беретін технологияларын енгізу саласында өзара ынтымақтастығы туралы екі жақты келісімін берді және келесіні белгіледі.

Тараптар келесі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- берілген саладағы зерттеулік, аналитикалық және ақпараттық жобалар туралы ақпаратпен алмасу үшін жағдайлар жасау;
- бірлескен кеңестер, семинарлар және басқа іс-шараларды ұйымдастыруда және өткізуде Тараптар өкілдерін тарту арқылы қатысу;
- балаларға арналған жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарына өз құзыреттілігі шегінде көмек көрсету;
- тараптар өткізетін тақырыптық іс-шаралар, сондай-ақ тараптардың бірі қатысатын үшінші жақпен ұйымдастырылған іс-шаралар туралы ақпаратпен алмасу;
- білім беру жүйесіндегі педагогтер үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу.

Тараптар осы Меморандум ережелеріне қатысты мәселелер бойынша кез-келген тараптың сұранысы бойынша кеңес берулерді жүргізеді.

Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделеді, Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қояды және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум оған қос Тарапта қол қойған соң күшіне енеді және оны қос Тарапта келісім бойынша немесе бір Тараптың екінші Тарапты кем дегенде 30 күн бұрын ескерте отырып, өз қалауы бойынша жойғанға дейін әрекет етеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мен «3DPrint Alliance» ЖШС өздеріне жоғарыда аталған, «3D-баспа» жаңа білім беретін технологияларды дамытуды ұйымдастыру саласындағы өнімді ынтымақтастық бойынша өзара тиімді іскерлік әріптестік міндеттемелерін алуын растайды.

Осы Меморандум қазақ және орыс тілдерінде 2015 жылғы «9»
қыркүйек Астана қаласында екі данада әзірленген, олар бірдей заңды
күшке ие, әр Тарапқа бір-бірден беріледі.

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігі
«Республикалық қосымша
білім беру оқу-әдістемелік
орталығы» РМҚК



Р. Шер

«19» *қыркүйек* 2015 жыл

«3DPrint
жауапкершілігі
серіктестік

«Alliance»
шектеулі



Е. Алданазаров

«19» *қыркүйек* 2015 жыл